

ҚАЗАҚТЫҢ ЗАҢЫ – ДАЛА ДӘСТҮРІНЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Конституция және мемлекеттілік: құқық пен болашақ диалогы» атты ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйледі

«Қазақ – Ұлы дала заңына бас иген, ар-ұяттан аттамаған халық. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукенің Жеті жарғысы – нағыз дала заңының жарқын үлгілері. Осы дәстүр ешқашан үзілген емес.

Жұртымыз дала заңынан қазіргі Ата заңына дейін тарихи жолдан өтті. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары бұл іске елеулі үлес қосты. Кеңес заманында еліміздің құқықтық іргетасы қаланды, білікті заңгерлер шоғыры пайда болды».



«1993 жылы егемен Қазақстанның алғашқы Ата заңы бекітілді, мемлекетіміздің конституциялық құрылымы айқындалды. Бірақ көп ұзамай жаңа тарихи ахуалға сай келетін жаңа

Конституция қабылдау қажет болды. Осыған орай, арнайы кеңес құрылды, оған бір топ белгілі отандық заңгер мүше болып, белсенді жұмыс жүргізді.

ҚҰТТЫҚТАУ!



Құрметті Қосшы қаласының тұрғындары және қадірлі қо-
нақтар!

Баршаңызды Қазақстан Республи-
касының Конституциясы күнімен
шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – халқымыздың азат-
тығын айқындап, елдігіміздің ір-
гетасын бекіткен маңызды күн.
Конституция – тәуелсіздігіміздің,
бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың
кепілі.

Қосшы қаласы жылдан-жылға көр-
кейіп келеді. Соңғы жылдары жаңа
мектептер, әлеуметтік маңызды ны-
сандар салынууда, жолдар жөнделіп,
инженерлік инфрақұрылым дамып
жатыр. Бұл – бәріміздің ортақ еңбе-
гіміздің нәтижесі.

Бүгінде Қосшы – ішкі көші-қон бо-
йынша көшбасшы қалалардың бірі.
Халқымыздың саны артып, үлкен
отбасылар қатары да көбейіп келеді.

Бірлігіміз бен ынтымағымыз – осы
жетістіктердің негізі. Бірге еңбек
етіп, қаламызды гүлдендіре берейік!

Сіздерге амандық, отбасыларыңыз-
ға ырыс пен береке тілеймін! Ел ір-
гесі берік, Қосшымыздың келешегі
кемел болсын!

Құрметті ұстаздар, ардақты
ата-аналар, оқушылар және қадір-
лі қонақтар!

Баршаңызды Білім күнімен және
жаңа оқу жылының басталуымен
шын жүректен құттықтаймын!

Бірінші қыркүйек – ерекше мереке,
жаңа бастамалар мен үміттер күні.

Биыл Қосшы қаласында 1373 бала
алғаш рет мектеп табалдырығын ат-
тап, «Әліппе» әлеміне саяхат бастай-
ды. Бұл – әр отбасы үшін үлкен қуа-
ныш, қала үшін маңызды оқиға. Бүгін
осы балаларымыздың білімге бастар
жолы ашылды.

Құрметті ұстаздар! Сіздердің еңбек-
теріңіз – ұрпақ болашағының негізі.

Ал ата-аналарға балалардың табы-
сына қуанып, әр жетістігіне куә болу
бақытын тілеймін!

Білім баспалдағын жаңа аттаған
бүлдіршіндерге сәттілік, барлық
оқушыларға табыс пен жаңа жетістік-
тер жолдас болсын!

Білім күні құтты болсын!

Құрметпен,
Қосшы қаласының әкімі
Азамат Қапышев

ҚОСШЫДАҒЫ ЖАҢА ЖОБА: МҰҚТАЖ ЖАНДАР ҮШІН БАСПАНА САТЫП АЛЫНДЫ



Ақмола облысының әкімі Марат Ахмет-
жанов тұрғын үй сертификаттарын банк
өкілдеріне ресми түрде табыс етті. Оның
айтуынша, халықты баспанамен қамту

– мемлекеттік саясаттың ең басым бағыт-
тарының бірі. Президент тапсырмасына
сәйкес, үйлер алдымен әлеуметтік осал
топтарға беріледі. Қосшыда басталған

Қазақстанда алғаш рет тұрғын
үйді әділ бөлуге арналған қа-
натқақты жоба Ақмола об-
лысына қарасты Қосшы қа-
ласында іске қосылды. Ай-
мақ әкімдігі «Отбасы банк» АҚ
371 пәтерді мұқтаж азамат-
тарға үлестіру үшін тапсырды.
Бұл бастама Конституцияның
30 жылдығымен тұспа-тұс келіп,
әлеуметтік саясаттағы маңызды
қадам ретінде бағалануда.

қанатқақты жоба соның нақты көрінісі болып
отыр. Бөлінген 371 пәтердің 261-і әлеуметтік
әлжуаз отбасыларға жекешелендіру құқығымен
жалға берілсе, қалған 110 пәтер жеңілдетілген
несие арқылы үлестіріледі.

Жобаның ашықтығы басты ерекшелік ретінде
айтылды. «Отбасы банк» өңірлік филиалының
директоры Алматы Нұрахметовтің мәлімдеуінше,
барлық үдеріс автоматтандырылған.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» АКЦИЯСЫ БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңында
Қосшы қаласы Жастар ре-
сурстық орталығының бас-
тамасымен дәстүрлі «Мек-
тепке жол» қайырымдылық
акциясы ұйымдастырылды.
Бұл игілікті шараның басты
мақсаты – әлеуметтік қол-
дауға мұқтаж отбасылардың
балаларына жаңа оқу жылы-
на қажетті оқу құралдарын
сыйлап, олардың мектепке
қуанышпен баруына жағдай
жасау.

Акция аясында мектеп жасындағы ба-
лаларға сөмке, дәптер, қалам, түрлі кеңсе
тауарлары және басқа да оқу жабдықтары
табысталды. Шараға жергілікті қоғам бел-
сенділері мен кәсіпкерлер атсалысып, ізгі



іске өз үлестерін қосты.

Атап айтқанда, «Аманат» партиясының
депутаты Баянды Сахарияұлы, кәсіпкерлер
Шолпан Ғажайыпқызы мен Басболат Мақ-

сатулы, сондай-ақ «Планета Қосшы» сауда
орталығының басшысы демеушілік танытып,
балаларға қажетті құрал-жабдықтардың дер
кезінде алынуына қолдау білдірді.



ҚОСШЫДА ТАҒЫ БІР ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ҚАДАСЫ ҚАҒЫЛДЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ата Заңның 30 жылдығы қарсаңында Қосшы қаласында 1500 орындық жаңа білім ордасының құрылысы басталды. Арнайы рәсімде мектеп іргетасына капсула салынды. Салтанатты шараға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов пен ардагер ұстаз Айсұлу Сәрсембаева қатысты.



Өңір басшысы өз сөзінде сапалы білім беру аймақ дамуының басты кепілі екенін атап өтті:

- Мемлекет басшысының Жарлығымен қала мәртебесіне ие болған Қосшы жылдан жылға өркендеп келеді. Соңғы үш жылда оқушы саны 40 пайызға өсіп, 12 мыңға жетті. Ал мектеп жасындағы балалар саны 9 мыңнан асты. Сондықтан білім нысандарын көбейту – бүгінгі күннің ең өзекті міндеті. Бүгін біз қаламыздың болашағына жол ашатын мектеп құрылысына кірісіп отырмыз, – деді Марат Ахметжанов.

Ал педагогикалық еңбек ардагері Айсұлу Сәрсембаева бұл оқиғаның тарихи маңызын ерекше атап өтті:

 - Жастар – елдің ең асыл қазынасы. Төрт жыл бұрын Қосшыда небәрі бір ғана мектеп бар еді, бүгінде олардың саны сегізге жетті.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚОСШЫДАҒЫ ЖАҢА ЖОБА: МҰҚТАЖ ЖАНДАР ҮШІН БАСПАНА САТЫП АЛЫНДЫ

(Басы 1-бетте)

Кезек электронды жүйе арқылы реттеліп, азаматтар өз мәртебесін тәулік бойы онлайн бақылауға мүмкіндік алады. Бұл – баспана бөлу ісіндегі әділдікті қамтамасыз ететін жаңа тәсіл.

Қосшы тұрғындары үшін бұл бастама үлкен серпіліс әкелді. Бұл жоба жергілікті халықтың өмір сапасын арттырып, тұрақтылық пен берекеге жол ашатыны анық. Жаңа пәтерлер тұрғындарға жайлы тұрмыс жағдайын қамтамасыз етумен қатар жас қаланың әлеуметтік әлеуетін арттырады.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштер де оң өзгерістерді айғақтайды. Мәселен, екі жылдың

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКТЦИЯСЫ БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Мөлдір Маратқызы бұл бастаманың маңызын атап өтті:

- Бұл акция балалардың көзіндегі қуанышты көруге мүмкіндік берді. Әрбір бүлдіршін жаңа сөмкемен мектепке барғанда өзіне сенімді болады. Осындай ізгі істерге атсалысып жүрген жомарт азаматтарға үлкен алғыс айтамыз. Бұл – қоғамдағы бірліктің айқын көрінісі, – деді ол.

Шараға қатысқан көпбалалы ана Айгүл С. өзінің ризашылығын жеткізді:

- Бүгін балаларым үлкен қуанышқа бөленді. Қажетті оқу құралдарын қолдарына ұстап,

Қаламыздың осылай дамып келе жатқанына қатты қуаныштымын, – деді ол.

Жаңа мектеп үшін жер телімі қаланың келешегі зор аумағынан таңдалған. Құрылыс жұмыстары келер жылы басталады деп жоспарланған.

Облыс әкімі осы сапары барысында қаланың орталық көшесіндегі гүлзар құрылысымен де танысты. Ұзындығы 2,2 шақырымды құрайтын демалыс аумағының жалпы көлемі 2,7 гектарға тең. Жоба аясында балаларға арналған ойын алаңдары, ворк-аут аймақтары, тас төсеу және көгалдандыру жұмыстары қарастырылған.

Қазіргі таңда құрылыстың 60 пайызы орындалған. Жоспар бойынша гүлзар осы жылдың қазан айында толық аяқталмақ.

Өз тілшімізден

Өз тілшімізден

Лаура Тарғынова, ЖРО маманы



ЕҢБЕКТІҢ ЖЫРЫ – ЕЛДІҢ ЖЫРЫ

2025 жыл Қазақстан үшін ерекше мәнге ие. Бұл жылды Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Ол тек ресми атау емес, еңбектің шынайы қадірін ұлықтауға бағытталған тағылымды қадам.

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, өркениеттің әрбір белесі еңбекпен жазылғанын көреміз. Жер ананы жыртқан қарапайым диқанның тері, от пен темірді иіп, құрал соққан ұсталардың шеберлігі, елдің игілігі үшін тер төккен жұмысшылардың маңдай тері – бүгінгі күннің баянды болуына себепкер. Қазақ халқы «Еңбек – ырыстың бұлағы» деп тегін айтпаған.

Қазіргі заманда да қарапайым еңбек – мемлекеттің тірегі. Жаңа ғимараттарды салған құрылысшысыз, жарықты жағып отырған энергетика маманысыз, қала мен ауылды жалғаған теміржолшысыз, нан пісірген наубайшысыз біздің өміріміз толыққанды болмас еді. Олар – күнде жанымызда жүргенімен, көбіне елене бермейтін өмірдің нағыз батырлары.

Жұмысшы мамандықтарының жылы осы еңбектің беймәлім қаһармандарына құрмет көрсетуге шақырады. Бұл жыл – жастарды еңбекке

баулу, «адал тердің дәмі тәтті» екенін ұқтыру, кәсіби мамандардың еңбегін дәріптеу жылы. Қарапайым еңбекке құрмет көрсетілген жерде әділет салтанат құрып, қоғам нығаяды.

Көктемде жерге дән еккен диқанды елдің нанымен, жаздың аптабында жол төсеген жұмысшыны елдің қадамымен, қыстың қақаған аязында пешін жағатын от жағушыны елдің жылуымен салыстыруға болады. Еңбек бар жерде өмір бар, береке бар.

Сондықтан биылғы жыл тек бір атаумен ғана шектелмей, әр жүрекке еңбекке деген құрметті ұялатып, жұмысшы мамандығының мәртебесін асқақтататынына сенім мол. Еңбектің жыры – елдің жыры. Ал еңбекті қадірлеген елдің мерейі әрқашан үстем болмақ.

А. Ахмедиянова,
«Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бас маманы

ЛИЦА ЕДИНСТВА

ОБЪЕДИНЯЯ ЭТНОСЫ, УКРЕПЛЯЕМ ЕДИНСТВО

Сегодня особую значимость приобретает устойчивое межэтническое согласие и укрепление общественного единства. Одним из действенных инструментов в этом направлении стала работа информационно-разъяснительных групп при Акмолинской ассамблее народа Казахстана, действующих в тесном контакте с местными органами власти.

Этнический состав нашего региона многообразен, здесь в дружбе и согласии проживают представители более ста этносов. Основная цель информационно-разъяснительной работы, охватывающей все населенные пункты, – формирование культуры межэтнического общения, предупреждение конфликтных ситуаций, повышение правовой грамотности, а также укрепление гражданской идентичности на основе казахстанского патриотизма.

Члены информационно-разъяснительных групп регулярно проводят информационные встречи, семинары, круглые столы, конференции, выездные акции в отдаленные населенные пункты. В ходе встреч с населением они проводят разъяснение государственной политики в сфере межнациональных отношений, что, несомненно, способствует формированию позитивного общественного мнения в духе толерантности и взаимоуважения.

Если говорить языком цифр, то с начала года проведено более 90 информационно-разъяснительных встреч, включая 6 семинаров-тренингов, организовано 21 выездное мероприятие в районы области и пять – в Кокшетау. Только в июне информационная группа в составе руководителя, экспертов и специалистов «Қоғамдық келісім» провела межрегиональные семинары-тренинги в области межнациональных отношений и языковой политики в Аккольском, Атбасарском, Бурабайском и Ерейментауском районах.


Слушатели узнали об основных направлениях государственной политики в сфере межнациональных отношений, обсудили вопросы в области укрепления межнационального согласия,

ономастики, а также правовой грамотности. Кроме того, организованы кустовые встречи с участием государственных служащих, акимов сельских округов и представителей органов внутренних дел из 19 районов и городских области. Эта деятельность способствует укреплению доверия между представителями разных этносов, формированию позитивного образа как единого и сплоченного казахстанского общества.

Особое внимание уделяется молодежной аудитории и этнокультурным центрам. Важную роль играют и социальные сети: через официальные аккаунты ассамблеи и этнокультурных объединений ведется активная информационная кампания, продвигаются ценности мира и согласия. Систематически публикуются интервью, подкасты и посты. В печатных изданиях и на телевидении выступают эксперты и лидеры общественного мнения. Жители области могут напрямую задавать вопросы, высказывать свои мнения и предложения, которые учитываются при формировании местных программ. Такая работа демонстрирует стабильные положительные результаты, подтверждающие эффективность применяемых подходов. Благодаря скоординированной работе и поддержке органов власти и общественности в регионе удалось добиться значимых успехов в укреплении социальной стабильности.

Работа информационно-разъяснительных групп в Акмолинской области подтверждает, что последовательная, открытая и ориентированная на диалог деятельность является важным элементом профилактики межнациональных рисков и укрепления единства.

Куаныш ШАКШАКОВ,
руководитель КГУ «Қоғамдық келісім».



АТА ЗАҢ

ҚАЗАҚТЫҢ ЗАҢЫ – ДАЛА ДӘСТҮРІНЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

(Басы 1-бетте)

Шетелден шақырылған сарапшылар да осы маңызды іске атсалысты. Ата заңымыздың жобасын талқылауға миллиондаған азамат қатысты, мыңдаған ұсыныс келіп түсті».

«Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда Тәуелсіздік төлқұжаты, яғни, Конституция қабылданды. Еліміздің басты заңына «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген сөздер жазылды. Конституциямыз Тәуелсіздігімізді нығайтуға зор ықпалын тигізді, еліміздің одан әрі дамуына даңғыл жол ашты.

Қазақстан дербес мемлекет ретінде әлем қауымдастығының белді мүшесі атанды. Әрине, уақыт бір орында тұрмайды. Отыз жылда түрлі себепке байланысты Ата заңға 6 рет түзету енгізілді. Бірақ ең басты конституциялық өзгеріс осыдан үш жыл бұрын жасалды деп айтсақ, орынды болар. Конституциялық реформаның арқасында еліміздің саяси-құқықтық жүйесі түбегейлі жаңа сипатқа ие болды».

«Алайда 1995 жылы қабылданған Конституцияны реформалаумен шектеліп, оның негізгі мән-мазмұнын сақтау жөнінде шешім қабылданды...

Осы шешімнің арқасында бүгін Конституцияның 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз. Дегенмен жаңа саяси жағдайға, қоғамды жан-жақты жаңғырту міндеттеріне сай келмейтін Конституциядағы ережелер референдум арқылы жойылды».

«Сондай-ақ еліміздің саяси жүйесінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орнықты. Бұл билікте өзара тиімді байланыс пен тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді. Президенттің жеті жылға бір рет ғана сайлануы ел тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық бетбұрыс деп айтуға толық негіз бар. Себебі мұндай жағдай Қазақстанда бұрын-соңды болған емес».

«2019 жылдан бері біз кезек-кезеңімен бірнеше саяси реформа жүргізіп, саяси жүйені дәйекті түрде жаңғырттық. Осы залда отырған азаматтардың көбі сол үлкен өзгерістердің бел ортасында жүрді. Ашығын айтқанда, біз біршама кедергіге тап болдық. Саяси ортаның белгілі бір бөлігі қоғамды жаңғыртуды көздейтін бастамаларымызға күмәнмен қарады, тіпті қабылдай алмады. Бүгінде біз таңдаған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне көзіміз жетті. Бұл елімізді өркениетті қоғам құру жолына бастайды.

2022 жылы өткен референдум ұлтымызды бұрын-соңды болмаған деңгейде ұйыстырып, мемлекет алдындағы стратегиялық міндеттердің төңірегіне топтастарды. Азаматтарымыздың жаңа саяси бағдарды бірауыздан қолдауы алға ілгерілеуден басқа жол жоқ екенін айқын көрсетті.

Тарихи өлшем тұрғысынан өте қысқа уақыт ішінде қоғам саяси кемелдік пен азаматтық жауапкершілікті күшейтетін іргелі өзгерістерді бастан өткерді. Әділетті Қазақстанды құру процесін енді ешкім тоқтата алмайды. Өткенге оралуға, ең алдымен, еліміздің жастары жол бермейді. Білімді жас ұрпақ келешекке көз тігеді. Олар Қазақстанды жаңа заманның талабына сай келетін өркениетті мемлекет ретінде көргісі келеді».

«Түптеп келгенде, конституциялық реформа саяси жаңғыру үдерісіне зор серпін берді. Парламенттің рөлі артты, Үкіметтің

жауапкершілігі күшейді. Орталық және жергілікті атқарушы биліктің құзыреті қайта бөлінді.

Жаңа талапқа сәйкес Президент, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Өкілді билікке әртүрлі көзқарастағы саяси күштер мен азаматтар келді. Түрлі саяси партиялар Парламенттен орын алды. Аралас сайлау жүйесі тәуелсіз үміткерлерге жол ашты. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен сайланды.

Төрт жылдың ішінде барлық ауыл әкімдері жаңа ережеге сәйкес сайланды. Олардың көбі – бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар.

Осылайша, билікке жаңа буын

сіне сенімді айтарлықтай арттырды. Судьяларды іріктеу және тағайындау үдерісін әділ әрі ашық етіп, олардың тәуелсіздігін күшейтті. Сот әкімшілігі жетілдіріліп, сот ісін жүргізуді цифрландыру басталды.

Бұрын азаматтар іске қатысты шағымдану мүмкіндігі жоқтығына жиі арызданатын. Сондықтан кассациялық соттарды құру және биылғы 1 шілдеден бастап «жаппай» кассация қағидатын енгізу Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Конституциялық реформа нәтижесінде прокуратура органдарының қадағалаушылық құзыреті күшейтілді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге

қағидатын жүзеге асыруға жол ашылды.

Конституцияда жер және барлық табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені айқын көрсетілген. Осы қағидатты іс жүзінде орындау үшін маңызды шаралар қабылданды.

Менің тапсырмаммен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы әзірленді. Қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балалардың арнайы есепшотына жіберілетін болды. Былтырдан бері Ұлттық қордан 1,5 миллиард доллардан астам қаржы бөлінді. Бұл – жас ұрпақтың болашаққа нық сеніммен қарауына мүмкіндік беретін мемлекетіміздің өте маңызды шешімі.

Мұның бәрі – жаңарған Конститу-

маңызы зор. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект мемлекет пен қоғамды өркендетудің мүлдем жаңа ұғымдары мен тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті.

Көптеген елде адамның рөлі мен орны, жалпы оның постгуманистік әлемде тіршілік етуі жөнінде қоғамдық және парламенттік пікірталастар қызу жүріп жатыр.

Биотехнологияның жедел дамуы да біраз сұрақ туындатады. Оның салдары күрделі құқықтық коллизияға және қалыптасқан этикалық нормалардың ескіруіне әкеліп соғуда. Заң шығарушылар халықаралық құқық жүйесін қайта құру арқылы өз елінің егемендігін сақтау міндетімен бетпе-бет келеді. Сондықтан конституционализм ешқашан бір орында тұрмайды. Ол заң шығару үдерісімен тығыз байланысты. Алайда оған мүлдем жаңа технологиялық, экономикалық және геосаяси жағдайлар әсер етеді. Бұл мәселені Қазақстанның кәсіби заңгерлер қауымдастығы жан-жақты зерттеп, ұдайы назарда ұстауға тиіс деп санаймын».

«Ұлт заңы – Конституциямыздың жасампаздық күші зор. Өйткені Ата Заңның әр бабында барша азаматтарымызға ортақ құндылықтар мен біртұтас халқымыздың мақсат-мүдесі бар.

Конституциялық, саяси, экономикалық реформалардың, халқымыздың орасан зор күш-қуаты мен әлеуетінің, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет саласына салынған ауқымды инвестициялардың арқасында елімізде шын мәнінде жақсы өзгерістер жасалып жатыр. Жақсыны жақсы деп айту керек. Бұл да әділеттілік көрінісі...».

«Қазір Қазақстанның барлық аймағында мыңдаған шақырым жол салынып, жөнделуде. Әуежайлар мен көпірлер бой көтеріп, су нысандарының құрылысы басталып жатыр. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және басқа да маңызды инфрақұрылым салынууда.

Жалпы Үкіметке инфрақұрылымдық құрылыстың сапасына баса мән беру қажет деген қатаң нұсқау берілді. Бұл мәселе Үкіметтің және құқық қорғау мекемелерінің бақылауында болады.

Елімізде жыл сайын көптеген өндіріс орындары ашылатын болды. Әсіресе, жоғары технология саласындағы кәсіпорындар іске қосылуда. Осылайша, біз ұлттық экономикамыздың мықтық индустриялық негізін қалап жатырмыз. Инвестиция тартып, бизнеске қолайлы жағдай жасап, аймақтарды қолдау үшін жүйелі жұмыс істелуде. Соның нәтижесінде биылғы жеті айдағы экономикалық өсім 6 пайыздан асты...».

«Біз бәріміз төл тарихымызға қазақтың қайта жаңғыру дәуірінің өкілі ретінде енуге тиіспіз. Себебі бәріміз бір дәуірде өмір сүреміз, еліміздің болашағына бірге жауаптымыз...».

«Конституциямыздың 30 жылдығы – еліміз үшін тарихи меже. Бүгін арамызда Конституциямыздың алғашқы жобаларын әзірлеуге қатысқан азаматтар отыр. Соңғы конституциялық реформаны жүзеге асыруға белсене атсалысқан бұрынғы депутаттар мен белгілі ғалымдар бар».

Президенттің ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған конференцияда сөйлеген сөзінен ықшамдап дайындалды. Материалдың толық нұсқасын akorda.kz сайтынан оқи аласыздар



өкілдері келіп жатыр. Биылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Бұл – Орталық Азия аймағында бұрын-соңды болмаған тәжірибе...

Біздің қазіргі Конституциямыз – өркениетті болашаққа жол ашатын, халқымыздың игілігіне қызмет ететін Ата Заң. Біз бір ел болып қолға алған реформалар Конституциямыздың жасампаз рухын күшейте түсті. Бұл кезең еліміздің тарихында түбегейлі жаңғыру кезеңі болып қалары анық».

«Ата Заңымызда «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Бұл –әрдайым мүлтіксіз орындалуға тиіс қағида. Осыған орай, нақты реформа жасалды.

Еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ететін аса маңызды институт – Конституциялық сот құрылды. Енді азаматтар қандай да бір заң өз құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп санаса, Конституциялық сотқа жүгіне алады. Екі жарым жыл ішінде бұл органның қарауына 11 мыңнан астам өтініш келіп түсті...

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті енгізу нәтижесінде азаматтардың мемлекетпен жария-құқықтық қатынастарын реттеу тәсілдері түбегейлі жаңарды. Кодекстегі жаңа новеллалар арқылы соттардың тек мемлекет мүддесін қорғауға бағдарланған әдепкі ұстанымы жақсы жағына өзгерді. Сот үкімінде субъективтілік азайып, анағұрлым әділетті шешімдер шығарыла бастады. Қазіргі статистика азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға қарсы істерде 60 пайызға дейін жеңіске жететінін көрсетіп отыр.

Жүргізілген реформалар сот жүйе-

іе болды. Еліміздің барлық аймағында өкілдіктері ашылды. Енді Уәкілдің тәуелсіздігі мен имунитетіне Ата заң кепілдік береді. Бұдан бөлек, Омбудсмен Бас прокурор сияқты Конституциялық сотқа жүгіну құқығына ие болды».

«Заң үстемдігін қамтамасыз ету – біздің стратегиямыздың ең маңызды қағидасы. Бұл – өркениетті және озық қоғамның басты өлшемі. Қоғамымызда заң мен тәртіп сақталмаса, ешқандай жетістік пен ілгерілеу болмайды, бұл – анық нәрсе.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі қазіргі таңда аса өзекті. Сондықтан заңды қасақана бұзатын азаматтарға, қоғамдық тәртіпке және тұрақтылыққа кері әсер ететін әрекеттерге міндетті түрде құқықтық баға беріледі.

Мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие жұмысын күшейту қажет. Балаларға заңдарды қарапайым тілмен түсіндірген абзал.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы тиісті жұмыс жүргізілуі керек. Жастардың құқықтық санасына отбасындағы тәрбие де зор ықпал етеді. Мұны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Ата-ана, мектеп және мемлекет күш жұмылдырып, бала тәрбиесіне баса мән бергені жөн. Сонда ғана заңға бағынатын, өзінің де, өзгенің де құқығына құрметпен қарайтын ұрпақ тәрбиелейміз. Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанды құрудың басты алғышарты».

«Жалпы айтқанда, біз мемлекеттік саясатта терең өзгеріс жасадық. Конституциялық реформа осы ауқымды жұмыстың берік құқықтық арқауы болды. Сол арқылы саясатта, экономикада, әлеуметтік салада, сот жүйесінде «Әділетті мемлекет»

цияның жемісі. Ата заң, шын мәнінде, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын толыққанды әрі тиімді құралға айналды...

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза едәуір қатаңдатылды. Некелесуге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Адам ұрлағандар да қатаң жазаланады. Сонымен қатар қылмыстық сот үдерісін ізгілендіру және оның тиімділігін арттыру үшін нақты қадамдар жасалды, тиісті кодекстерге ауқымды түзетулер енгізілді.

Конституцияның мерейлі белесіне орай Рақымшылық туралы заң қабылданды. Себебі мемлекет қылмыспен күрес саясаты мен әлеуметтік әділдік мәселесіне келгенде адамгершілік құндылықтарын басты орынға қояды».

«Ата заң еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуды, сондай-ақ заңды мүлтіксіз сақтау және адал азамат идеологиясын ілгерілетуді көздейтін жаңа қоғамдық келісімнің айқын нышанына айналды. Заң үстемдігі – әділетті қоғам құруға және азаматтарымыздың берекелі өмірін қамтамасыз етуге апаратын төте жол. Сондықтан тағы да қайталап айтамын: еліміздің барлық азаматтары заңды құрметтеп, сақтауы керек.

Қазақстанның заңгерлер қауымдастығы азаматтарымызға Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіріп, Заң мен тәртіп қағидатына сай қоғамдағы әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үндеуі қажет.

Қазақстан Конституциясы ұлтымыздың кемелдігі мен болашаққа ұмтылысын бүкіл әлемге паш етеді».

«Геосаяси тұрақсыздық белең алып, технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан кезеңде заңнамамы ұдайы жаңғыртудың

ӘДІЛ СӨЗДІҢ ЗІЛІ ЖОҚ, КӨП КӨЗІНЕН ӨТКЕН ІСТІҢ МІНІ ЖОҚ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ

САЛТАНАТ

Конституциямыздың 30 жылдық мерейтойына арналған «Елімнің еркіндігі – Ата Заңым» атты салтанатты жиын Қосшы қаласы қоғамдық, мәдени-спорт кешенінің концерт залында өтті. Іс-шараға қала әкімдігі, құқық қорғау органдары, зиялы қауым өкілдері, жастар және қала тұрғындары қатысты.

Жиын Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау Академиясы курсанттарының мемлекеттік Туды алып шығуы және Мемлекеттік Әнұранның орындалуымен басталды. Бұл рәсім тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің қасиетін паш етіп, іс-шараға ерекше салтанатты көңіл-күй сыйлады. Салтанатты шараны жүргізушілер Дінмұхаммед Ақайдар мен Әйгерім Шәріпова ашып, Конституцияның мемлекет өміріндегі маңызына тоқталды. Олар Конституцияның елдігіміздің негізі, болашағымыздың іргетасы екенін атап өтті. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата Заң еліміздегі демократиялық қағидаттарды орнықтырып, азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етті.

Шара барысында Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы құттықтау сөз сөйлеп, Конституцияның қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы рөлін ерекше атап көрсетті. Әкімнің сөзінен кейін ел дамуына үлес қосқан азаматтарды марапаттау рәсімі өтті. «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталған Бауыржан Сұлтанұлынан бастап, «Күміс алқа» иегерлеріне Мақпал Мырзаханқызы, Еркегүл Жайлаубайқызы, Роза Алпысбайқызына дейін және қала прокуратурасы, сот, полиция, адвокаттар алқасының үздік қызметкерлеріне арналған Қосшы қаласы әкімінің Алғыс хаттары табысталды. Бұл ма-

рапаттау рәсімі қоғамның әр саласында еңбек етіп жүрген тұлғалардың еңбегінің бағаланып жатқанын көрсетті.

Мерекелік іс-шараның құрметті қонағы, Қосшы қаласының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Данияр Избасарұлы да сахнаға көтеріліп, құттықтау сөз сөйледі. Ол азаматтардың құқықтық санасын арттырудағы Ата Заңның маңыздылығына тоқталды. Прокурордың қолынан төтенше жағдайлар қызметкерлерінен бастап, медицина және спорт саласының мамандары, сонымен қатар қоғамдық кеңес мүшелеріне дейін марапаттар тапсырылды.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламамен жалғасты. Қаланың талантты әншілері



мен күйшілері Нұрдәулет Қауланбек, Әсет Тілеубек, Қылышбек Сынабай және басқа да өнерпаздар дәстүрлі әндерден поурри, күй шашу, термелер және патриоттық әндер орындап, жиналған қауымға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, Асқар

Мұқияттың орындауындағы «Атамекен» әні және Азат Тұранелдің «Қазақстаным!» әні патриоттық рухты оятты. Мереке соңында жүргізушілер Конституцияның тәуелсіздіктің негізі екенін тағы да бір мәрте атап өтіп, Қосшы қаласының гүлденіп,

әр отбасына бақ-береке тіледі. Бұл шара Ата Заңның маңызын, ел бірлігі мен дамуындағы рөлін көрсетіп, Қосшы қаласы тұрғындарының жүрегінде мақтаныш сезімін ұлатқандай.

Гүлназ БИСЕН

ЕЛ ИГІЛІГІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ АЙНАСЫ

Үстіміздегі жылдың 1 тамызынан бастап елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталды. Бұл науқан 20 қазанға дейін жалғасады. Мемлекет басшысының тапсырмасы және Үкіметтің арнайы қаулысына сәйкес жүзеге асырылып жатқан санақ ауыл шаруашылығы саласының қазіргі жағдайын жан-жақты айқындауға бағытталған.



Санақтың алғашқы кезеңінде, яғни 1-31 тамыз аралығында шаруалар мен жеке тұлғалар арнайы веб-портал арқылы онлайн түрде сауалнаманы өз бетінше толтырады. Бұл тәсіл уақыт үнемдеп қана қоймай, ақпаратты жинау сапасын арттырады. Ал 20 қыркүйектен бастап санаққа ілінбей қалғандарды қамту үшін сұхбат алушылар планшет арқалап, үй-үйді аралап, жеке әңгімелесу жүргізбек. Ауыл шаруашылығы санағының басты мақсаты – еліміздің аграрлық әлеуетін толық әрі нақты көрсету. Жер мен егіс алқаптарының көлемі, мал басы мен құс саны, ауыл шаруашылығы техникасы мен өндірістік нысандардың жағдайы – барлығы да есепке алынады. Сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтар мен бақша, саяжай иелері де санақтан тыс қалмайды.

Бұл мәліметтер мемлекет үшін ерекше

маңызды. Себебі санақ қорытындысы ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты жетілдіруге, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауылдағы еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Санақ жұмысына 5 мыңнан астам нұсқаушы мен интервьюер тартылған. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде жүріп, аграрлық саладағы нақты ахуалды зерделеуде.

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының берік тірегі. Сондықтан өтіп жатқан санақ жай ғана статистикалық шара емес, бұл – аграрлық саладағы болашақ даму бағытын айқындайтын стратегиялық қадам.

«Қосшы қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысының м.а. Б.Команов

САҚТЫҚ – САНАДАН

БІР ТЕРЕЗЕ – БІР ТАҒДЫР

БИЫЛ КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДЕН АЛТЫ БАЛА ҚҰЛАП, ЖАРАҚАТ АЛҒАН

Жаздың соңғы күндері таяп қалғанына қарамастан, көпқабатты үйлердің терезелері ашық, балалар аулада ойнап жүр. Алайда дәл осындай шуақты шақта ересектердің немқұрайлығы мен қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемей салдарынан балалардың терезеден құлауы жиілеп кеткен. Қосшы қаласында биыл балалардың терезеден құлауына қатысты 6 жағдай тіркелген.


Қаладағы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Ерсұлтан Сағнаевтың айтуынша, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі профилактикалық шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мамандар түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ата-аналарға арнап жадынамалар таратқан.

– Қайғылы оқиғалардың басым бөлігі ата-аналардың салғырттығынан туындайды. Әсіресе, москит торларына деген шектен тыс сенім – үлкен қатер. Тор балаға тірек бола алмайды, керісінше, көз арбап, терезеге сенімдірек баруға итермелейді. Бала әлемді қызығушылықпен тануға тырысады, ал ересектер сол әлемді қауіпсіз етуі керек, – дейді Ерсұлтан Сағнаев.

Профилактикалық жұмыс кезінде мамандар қаладағы тұрғындармен бетпе-бет кездесіп, сақтандыру шараларын түсіндіреді. Осындай кездесудің бірінде үш баланың анасы, жергілікті тұрғын Ләззат Төлегенқызы өз тәжірибесімен бөлісті. Бүгінгі таңда терезе қауіпсіздігін сақтауды басты назарда ұстайтын ананың сөздері ой саларлық.

– Бұрын москит торын орнатсақ жеткілікті деп ойлайтынмын. Бірақ мамандардың ескертулерінен кейін қорқыныш пайда болды. Кішкентай ұлым үшке енді толды, бәрін білуге, көруге құмар. Бірде үстелді терезенің жанына сүйреп қойғанын көріп, жүрегім зырқ ете қалды. Сол күннен бастап терезелерге арнайы құлып қойғыздым. Жан тыныштығы – үлкен байлық, – дейді ол жылы жүзбен.

Осындай саналы азаматтар көбейсе, көптеген қайғылы жағдайдың алдын алуға толық негіз бар. Бірақ ел аумағында тіркел-



ген оқиғалар көңілді күпті етеді. 2024 жылы республика бойынша екі жүзден астам бала терезеден құлап, он екісінің өмірі үзіліп кеткен. Ал биылғы жылдың алғашқы алты айында осындай алпыс шақты жағдай тіркеліп, бесеуі орны толмас қайғымен аяқталған. Статистика – жай қағаз жүзіндегі дерек емес, әр отбасының көз жасына толы шындығы.

Бала өмірі нәзік шыны секілді. Қорғансыз сәтте болған бір ғана ұсақ қателік орны толмас өкінішке әкеп соғуы мүмкін. Терезенің жанындағы жиһазды алыстатып қою, бала терезе ашылған бөлмеде жалғыз қалмауын қамтамасыз ету, қауіпсіздік құлыптарын орнату сынды қарапайым әрекеттер үлкен трагедияның алдын алуға жеткілікті.

Аға инженер Ерсұлтан Сағнаевтың айтуынша, сақтық – сана мен мәдениеттің көрінісі. Бала тәрбиесі мен қауіпсіздігі – тек мемлекеттік мекемелердің емес, әрбір ата-ананың парызы. Көңіл бөлінбеген бір ғана минут бар ғұмырдың үзілуіне себеп болуы мүмкін.

Жанар АХМЕТОВА



Бетті дайындаған Гүлназ Бисен,
Бас редактордың орынбасары
+7 707 761 79 17
t.me/bisen_gulnaz
gulim-2008@mail.ru

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ
Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН
Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Динара ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ
Нөмірдің кезекшісі
Гүлназ БИСЕН

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күшігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz